


ЕЖЕЛГІ РИМ



ЕЖЕЛГІ РИМ ӨНЕРІ

Ежелгі Рим өнері - Б. э. бұрынғы VIII ғасырдан б. э. V ғасырына дейінгі он екі ғасырдан астам кезеңді қамтитын тарихы бар Ежелгі Рим адамзатқа орасан бай мәдени, көркем мұра қалдырды.




Рим империясы өнері (б. з. д. I—IV ғасырлар

Октавиан Август бейнесі салынған теңге. Бір бөлшегі. Мыс. Б. з. I ғ. Берлин. Мемлекеттік музейлер




Республикалық құрылыс құлап, Империя орнатылған тұста Рим әдебиеті мен өнерінің алдында императорды мадақтап, оның үстемдігін дәріптеу міндеті тұрды. Б. з. бұрынғы 27 жылы Рим сенаты бірінші император Октавианға Август, яғни «даңқын асырған», «жарықтық» немесе «күдіретті» деген титул табыс етті. Бұдан соң бұл титулды Римнің барлық билеушілері алды. Императордың принцепс, яғни бірінші азамат және бірінші сенатор деп аталатын билігі заң жолымен бекітілген жоқ. Жаңа саяси құрылыс, сырттай қарағанда, республика түрін бүркенген монархия болатын.

Октавиан
Августың мәрмәрден
қашалған мүсіні
онықолбасшы әрі
мемлекет басшысы
ретінде даңққа бөледі.
Тәкаппар, айбынды кескін-
келбет пен қолдың
көсіле созылғанәсерлі
ишараты мүсінге
монументтік сипат
дарытады. Сулығы
білегіне сәнмен оралған,
күрзісі сардарлық
өктемдігін нышандайды.
Август бедерлі бейнелерм
ен әшекейленген
сауыт киген.



Октавиан Август мүсіні.
Мәрмәр. Б. э. I ғ. басы. Рим.
Ватикан



Гард көпірі. Б. э. I ғ. Ним
(Оңтүстік Франция)

Римнің ұлылығын мадақтау идеясы I—IV ғасырлардағы Империя дәуірінде жасалған сәулет өнерінің алып ескерткіштерінде аса айқын бейнесін тапты. Рим сәулет өнерінде «әлем әміршісі» атанған халықтың талғамына тән ғимараттардың ерекше монументтілігі алдыңғы жүлгеге шықты. Құрылыс белгілі бір саяси мақсатты — билеушінің жомарттығын баса көрсету мен оның атын ұрпақтар есінде сақтау мақсатын көздеді. Алаңдар ансамблін, әкімшілік ғимараттары мен ойын-сауық құрылыстарын тұрғызған императорлар бірімен-бірі бәсекеге түсті. Жазушылар император Август кірпіштен қаланған Римді қабылдап алып, оны мәрмәрден салып кетті деп жазған болатын.


«Нан мен ойын-сауықты» талап еткен римдік тобырға кеңінен танылуға тырысып, императорлар гладиаторлар шайқасы үшін орасан зор амфитеатрлар салғызды. Мұның 75—80 жылдары және орта ғасырларда Римде салынған ең ірісі «колоссеум» (алып) деген латын сөзінен Колизей деп аталды. Жоспары бойынша ол аумақты сопақ құрылыс (188X156 м). Колизейдің биіктігі 50 м, қабырғасы ірі серек тас (травертин) блоктарынан қаланған. Күмбезді аркаларының үш қабаты қабырғаның ішкі жағындағы алып бағаналарға тіреледі.

Қай нүктеден қарасаң да жақсы көрінетін олар театр қасбетін сан құбылған сәулелі көлеңкеге бөлейді.

Шексіз

қайталанылатын аркадалардың салтанатты ырғағы ғимаратқа айбындылық пен монументтік сипат береді.

Аркаларға тірек болған бағаналар конструкциялық мәнін жоғалтып, сәулеттік сәнін ғана сақтаған



ЭТРУСТАР ӨНЕРІ (Б. З. Д. VII—VI ҒАСЫРЛАР)

Этрустар грек өнерін жоғары бағалады және олардың аңыз-әңгімелеріне жақындау болды. Бұл тайпалар өте еңбек-қорлығымен көзге түсті. Көне тарихи деректердің сипаттауы бойынша, олар егін егуде, жерді суландыруда ірі жетістіктерге жетті. Сонымен қатар сауда жолында және теңіз айдынында шебер теңізшілер болған. Олар өздерінің тұрғызған кемелерімен Мысыр, Финикия, Карфаген, Грекия және Испания елдеріне саяхаттап, қызу сауда жүргізген. Б.з.д. VI ғасыр шамасында этрusc өркениетіне эллин мәдениеті әсерін тигізді, соған байланысты олар қара, қызыл пішінді құмыралар жасаумен айналыса бастады. Этрустардың көне ескерткіштері б.з.д. VI—V ғасырларда дамыды. Олардың ішінде, әсіресе табыт басына қойылатын мүсіндер жасау елеулі орын алды.

Этрустарда қола кұйма әдісі де дамыды. Олар аңдар мен таңғажайып хайуанаттар бейнесін кызыға жасады. Соның бірі — белгісіз шебер жасаған (б.з.д. 480 жылы) Химераның мүсіні. Этрустардың әйгілі Капитолий өнері ескерткіштеріне қаншық қасқырдың мүсіні жатады. Аңыз бойынша (б.з.д. 754 жылдары), Римнің негізін қалаған егіз екі жігітті сәби кезінде қаншық қасқыр емізген-мыс. Осы оқиғаны есте қалдыру мақсатында Римдегі жеті шоқының бірі Капитолийде б.з.д. VI ғасырдың соңында осы мүсін орнатылған, ал кейінгі кезеңде Римнің символы болып сақталып қалды.



